

ISSN 2710-1371

Қазақ тарихы  
электронды журналы

---

Electronic journal of  
Kazakh history

№ 3(183) 2024

«History and Culture» ЖШС

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ  
№3 (183) 2024

ELECTRONIC JOURNAL  
№3 (183) 2024

## Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 күші берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады  
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

## Founder and publisher:

«History and Culture» LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year  
(March, June, September, December)

## РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – **Жұматаев Ринат Серикович** – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

**Ногайбасва Мендигуль Сагаатова** – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА

**Ангела Шоттенхаммер** – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

**Бабакүмар Қинаятұлы** – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

**Эврим Олчер** – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Түркия)

**Алтымышева Зухра Америкүловна** – тарихшы, Phd, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

**Байгабатова Назгуль Қажымуратовна** – этнограф, т.ғ.к., I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

**Ақымбек Ералы** – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

**Кенжаева Наргиза Соатумуниновна** – тарихшы, Phd, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

**Ильясова Зибегуль Сулейменовна** – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

**Сайлаубай Ерлан Ернарұлы** – археолог, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

**Бесетаев Бауыржан** – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

**Намен Абай** – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

**Бабабеков Акбар Давурбаевич** – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

**Гурсой Музаффер** – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

**Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы** – Phd, тарихшы. III. III. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

## EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – **Zhumatayev Rinat** – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – **Nogaibayeva Mendigul** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

## EDITORIAL BOARD

**Angela Schottenhammer** – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

**Babakumar Kinayatuly** – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

**Evrin Ölçer Özünel** – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Haji Bayram Veli University (Türkiye)

**Altymysheva Zuhra** – Historian, Phd, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

**Baigabatova Nazgul** – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

**Akymbek Eraly** – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

**Kenzhaeva Nargiza** – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

**Ilyasova Zibagul** – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

**Saylaubay Yerlan** – Archaeologist, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

**Besetaev Baurzhan** – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

**Namen Abay** – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

**Bababekov Akbar** – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

**Gursoi Muzaffer** – Phd, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

**Zhetpisbai Nurzhan** – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:  
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.  
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com  
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:  
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.  
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.  
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com  
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

**АРХЕОЛОГИЯ**



**ARCHAEOLOGY**

**Р.С. Жуматаев<sup>1</sup>, С.Т. Шакенов<sup>2</sup>, Д.С. Шаймуханова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі,  
Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: zhumatayevr@gmail.com

\*Байланыс үшін автор: zhumatayevr@gmail.com

<sup>2</sup>Аға оқытушы, Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: samatakrit@gmail.com

<sup>3</sup>PhD докторант, Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: didara\_93@list.ru

**ТАРБАҒАТАЙ ТЕРІСКЕЙІНДЕГІ  
ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ БЕЛБАСТАУ ҚОРЫМЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақала Тарбағатай теріскейіндегі қола дәуіріне тән археологиялық ескерткіштерде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелерін сипаттауға бағытталған. Жүргізілген зерттеулер Белбастау қорымындағы тас қоршауларды, олардың жерлеу дәстүрлерін, табылған металл және қыш бұйымдарды талдауға негізделді. Археологиялық қазбалардан алынған материалдар андрон мәдени-тарихи қауымдастығының өкілдерімен байланысын дәлелдейді. Табылған қола моншақтар, қыш ыдыстар және тас жәшіктердің құрылысы мәдениетаралық байланысты көрсетеді және осы мәдениеттің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан аумағындағы қола дәуірі мәдениеті туралы тың мәліметтерді ғылыми айналымға енгізуге ықпал етеді және болашақтағы археологиялық зерттеулер үшін құнды дереккөз болмақ.

**Түйін сөздер:** қола дәуірі, Тарбағатай, тас жәшік, қыш ыдыс, қола бұйым.

**Сілтеме үшін:** Р.С. Жуматаев Р.С., Шакенов С.Т., Шаймуханова Д.С. Тарбағатай теріскейіндегі қола дәуірінің Белбастау қорымы // Қазақ тарихы электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 183. No 3. 36-44-бб. (қазақ тілінде.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-3-3-36>

R.S. Zhumatayev<sup>1\*</sup>, S.T. Shakenov<sup>2</sup>, D.S. Shaimuhanova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, head of department Archaeology, ethnology and museology,  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*Corresponding author: zhumatayevr@gmail.com

<sup>2</sup>Senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**A bronze age cemetery belbastau  
on the northern slope of Tarbagatai**

**Abstract:** This article presents the results of archaeological excavations at Bronze Age sites in the Tarbagatai Mountains north foothills, focusing on the burial structures and traditions at the Belbastau site. The study analyzes artifacts such as bronze beads, ceramics, and stone enclosures, shedding light on the cultural characteristics of the Andronovo cultural-historical community. These findings provide insights into the socio-economic and cultural aspects of the Bronze Age inhabitants of Kazakhstan, highlighting connections between Andronovo tribes and neighboring cultures. The results underscore the importance of understanding intercultural interactions across the Eurasian steppe during the Bronze Age. This study contributes valuable information to the body of knowledge on Bronze Age archaeology, enhancing future research on cultural exchanges and historical development in Central Asia.

**Key words:** The bronze age, Tarbagatai, stone enclosures, ceramic, bronze items.

**For citation:** R.S. Zhumatayev R.S., Shakenov S/T., Shaimuhanova D.S. A bronze age cemetery Belbastau on the northern slope of Tarbagatai // Electronic scientific journal «Kazakh history». 2024. Vol. 183. No. 3. Pp. 36-44 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-3-3-36>

**Кіріспе**

Қола дәуірі – адамзаттың тарихи жолында өркениет пен мәдениеттің таңғажайып кезеңі. Бұл дәуір қарапайым табиғи ресурстардың адам

қолында алтынға пара-пар құнға ие болып, шикізаттан керемет өнер туындылары жасалған кез. Қазақстан үшін, қола дәуірі өндірістік шаруашылықтың қалыптасу және дамуы кезеңі, мыс пен қола металлургиясының гүлденуі мен

күрделі этникалық процестердің уақыты болды. Нәтижесінде, қалыптасқан мәдениеттер, шаруашылық және тау-кен ісі, бүгінгі күні көптеген зерттеушілер арасындағы пікірталастар мен мәселелердің себебіне айналып отыр. Осындай шешілмей жүрген мәселелер андрон мәдени-тарихи қауымдастығының төңірегінде өте көп. Солардың бірі Тарбағатай тауларына тікелей қатысты.

Шығыс Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері салыстырмалы түрде жақсы зерттелгенімен, Тарбағатай таулары әлі де толық ашылмаған жұмбақ болып тұр. Тарбағатай теріскейіндегі археологиялық жұмыстар жеткілікті деңгейде жүргізілмегендіктен, бұл өңірдің қола дәуіріне тән мәдениеттері туралы деректер шектеулі. Осыған орай, біздің зерттеу объектіміздің жоғарыда айтылған андрон мәдени қауымдастығы төңірегіндегі өзекті мәселелерге ғылыми тұрғыдан жауап беруге көмектеседі деген ойдамыз.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Ескерткішті зерттеу үшін дәстүрлі археологиялық әдістермен қатар, пәнаралық (картография, топография) шешімдер де қолданылды. Бұл зерттелетін объектінің құрылымын және оны қоршаған аумақты егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, табылған заттарды салыстырмалы-типологиялық әдісті қолдана отырып зерттеу, анықталған заттардың хронологиялық кезеңін және мәдени байланыстарын тарихилық принциптерге сәйкес анықтауға мүмкіндік берді.

Қыш ыдыстар морфологиялық және типологиялық талдау әдістері арқылы зерттелді. Бұл әдістер олардың жасалу технологиясын, қолданыс мақсатын және этно-мәдени ерекшеліктерін анықтауға көмектесті.

### **Талқылау**

Шығыс Қазақстан территориясындағы археологиялық ескерткіштер жайында алғашқы мәліметтер XVIII ғ. басында, академиялық экспедиция мүшелері жазбаларында пайда бола бастады. Ал жүйелі түрде аймақты археология тұрғысынан зерттеу XX ғ. екінші жартысынан бастап қана қолға алынды. Алғашқы толыққанды зерттеу жұмыстарын С.С. Черниковтың басшылығымен Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізіп, көптеген ескерткіштердің тіркелуіне және тың материалдардың жа-

рыққа шығуына алып келді. Нәтижесінде Тарбағатай теріскейіндегі Шілікті обалары зерттеліп, сақ мәдениетінің ерекше зергерлік өнерінің дамуы мен қолөнердің күрделі деңгейін көрсететін алтын бұйымдар табылды.

Тарбағатайдың зерттелуі осыдан бастау алып, XX ғ. 80 жж. соңында ҚазМУ археологтары Ә.М. Оразбаев пен Ә.Т. Төлеубаев басқарған арнайы топ Ақсуат ауданында Ашылы 1, Ақтүбек, Ескеалмас және Масалы ескерткіштерінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, 11 жерлеу кешенін зерттеді [Төлеубаев, 1995: 4]. Ә.Т. Төлеубаев оның ішінде Ескеалмас пен Масалы қорымдарын қоршауларының сыртқы құрылысы, жерлеу ғұрпы, мүкәммалдары негізінде андрон мәдени қауымдастығының тайпаларымен салыстырып, Федоров кезеңінің соңы мен алакөл кезеңінің басы деп мерзімдеген [Төлеубаев, 1998: 89].

1990 ж. Шығыс Қазақстан облысының тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған зерттеу жұмыстары нәтижесінде қазіргі Тарбағатай ауданындағы Маңырақ ауылы маңында Покровский қорымын анықтап, 75 қорған мен қола дәуірінің 6 қоршауы тіркелгенін көрсеткен [Куш, 1992: 77].

Сонымен қатар, 1991 ж. Ә.М. Оразбаев бастаған экспедиция қазіргі Ақсуат ауданының Кіндікті ауылынан солтүстік-батыс бағытта 20 км жерде орналасқан Сабындыкөл қорымында 15 қоршауда қазба жұмыстарын жүргізіп, ескерткішті андрон мәдениетінің кейінгі кезеңдерімен мерзімдеген екен [Оразбаев т.б., 1995: 33].

Одан бөлек Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен «Шілікті-Тарбағатай археологиялық экспедициясы» соңғы жылдарда Тарбағатай теріскейінде көптеген археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірнеше қола дәуірі ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізді. Атап айтсақ, Ақсуат ауданындағы Тақия кеткен, Тұяқ ата, Сабырбай қорымдары, 2017 ж. ашылған Сауыр мен Тарбағатай тау жоталарының шекарасындағы Айнабұлақ-Темірсу қорымы және Тарбағатай тауларындағы алғашқы зерттелген андрон мәдениетінің қонысы – Елеке сазы ескерткіші [Төлеубаев, 2022: 92]. Соңғы аталған ескерткішті 2014 ж. Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты ұйымдастырған барлау жұмысы барысында А.Е. Рогожинский тапқан [Мерц, Рогожинский, 2021: 24].

Соңғы жылдардағы зерттеулер тақырыбын жалғастырсақ, 2016 ж. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті архео-


логтары Тарбағатай ауданындағы барлау жұмыстары барысында Аханбозша, Сыйырбозша, Құйған, Сапа қола дәуірі ескерткіштерін тіркеп [Мерц т.б., 2017: 55], соның нәтижесінде 2019 ж. Жаңаауыл маңындағы Сапа қорымында қазба жұмыстары жүргізіліп, Таулы Алтай мен Сібірде кең тараған, Афанасьев мәдениетіне тән жерлеу кешені анықталды [Мерц т.б., 2020: 47]. Жоғарыда аталған Айнабұлақ-Темірсу қорымында да 2017 ж. афанасьев типіндегі қоршау зерттелген болатын [Толеубаев, 2017: 611].

### Нәтижелер

Біздің зерттеу объектіміз Белбастау қорымы да 2022 ж. Шілікті-Тарбағатай экспедициясы ғылыми тобының барлау жұмыстары кезінде анықталды. Ескерткіш Ақсуат ауданы, Көкжыра ауылынан оңтүстік бағытта 20 км жерде, Елеке сазы алқабына қарай барар жолда орналасқан және бірнеше жеке қорымдардан тұрады. Біздің

топты тек үш қоршауы бар, Көкжыра ауылының бір тұрғынының қыстағы аумағында орналасқан ең кішкентай қоршаулар тобы қызықтырды. Шын мәнінде қоршаулар саны көбірек болуы да мүмкін, бірақ олай болған жағдайдың өзінде қоралар мен басқа да құрылыстардың астында қалып кеткен. Жәшіктер шығыс-батыс бағытында тұрғызылған, жалпақ тастары жерге қырынан орнатылған күйінде жарты бөлігі көзге оңай көрініп тұр.

№ 1 қоршау тік орнатылған, беткейдегі өлшемдері 52×68×8 см, ірі жалпақ тас арқылы анықталған. Тазалау барысында басқа да кішірек тастар ашылып, диаметрі 4 м жететін шеңбер көрінді. Шым қабаты толық алынғаннан кейін, құрылымның шығыс бөлігінде тастар екі қатарға орналасқаны, ал оңтүстік-шығыс бөлігі үлкен тастармен бекітілгені белгілі болды. Оңтүстік шетке жақын орталық бөлігінде жалпақ күйде бірнеше жабын тастар байқалады, ең үлкенінің өлшемі 93×75×11 см.



1-сурет. Тарбағатай теріскейі археологиялық ескерткіштері.  
Figure 2. Archaeological sites of Tarbagatai mountains north foothills

Қазба барысында 10 см тереңдікте тас жәшіктің плиталарының ұштары көріне бастады. Шығыс қабырғасының тасы өзгелерге қарағанда биік орнатылған екен. Жәшіктің ішінде оңтүстік қабырғаға жақын жерде орналасқан адам сүйектері мен екі қыш құты пішінді ыдыстың ернеуінің фрагменттері табылды. Профильсіз, жалпақ. Өлшемі – 4×2,9 см. Диаметрі – 10 см, қалыңдығы – 0,6 см. Екі жыра-

шықпен әшекейленген. Қимасында түсі сұр. Күйдіру – біркелкі, қалпына келтірілген. Сонымен қатар, кейбір сүйектерде жасыл түстің пайда болуы байқалады. Бұл құбылыс металл заттармен ұзақ уақыт байланыста болғанда орын алады, яғни сүйек бетінде мыс тұздарының тотығу әсерінен жасыл түс сіңеді. Алайда, бұрын айтылғандай, жәшік тоналғандықтан, металл бұйымдары табылмады.



**2-сурет.** Белбастау қорымы. №1 қоршаудың жоспары  
**Figure 2.** Belbastau Burial Site. Plan of Enclosure No. 1

№ 2 жәшік өлшемдері 1,55×1 м, бірінші қоршаудан 4 м солтүстік-шығыс бағытында орналасқан. Жәшікті аршу нәтижесінде шашылған күйдегі адам сүйектері мен ішкі диаметрі 3 мм болатын сақина тәріздес 29 қола бұйым табылды (2 сур.). Моншақ немесе білезіктің міндетін атқарған болуы керек. Ескерткіш тоналған.

№ 3 қоршау екінші тас жәшіктен 7 м оңтүстік-батыста, төбешік жанында, қораға жақын орналасқан. Беткейден 5 үлкен тас көрініп тұрған, бұл тастар қабаттасып жатқандықтан, тоналып, құрылымның бастапқы түрі бұзылған. Жердің

құрамы құмды, тастардың жағдайы жақсы сақталған, жалпы өлшемі 1,8×0,6 м. Қазба жұмыстары кезінде, 0,5 м тереңдікте, ылғал салдарынан бұзылған адам сүйектерінің бөліктері және жалпақ түпті қыш құты табылды. Бұл ыдыстың иығы мен денесі жартылай бұзылған, мойыны мен сақинасы жақсы сақталған. Ыдыстың биіктігі – 27 см, ернеуінің сыртқы диаметрі – 25,4 см. Қабырғасының қалыңдығы – 0,8 см, түбі – 1,5 см. Ернеуі профильсіз, жалпақ. Төменгі бөлігі түп жағына қарай сәл тарылып, жазық түбімен аяқталады, өшекейленбеген. Күйдіру – біркелкі, қалпына келтірілген.




3-сурет. Белбастау қорымы. №2 жәшіктен табылған моншақ.  
Figure 3. Belbastau Burial Site. Beads found in Box No. 2.



4-сурет. Белбастау қорымы. № 3 қоршаудан табылған сырға.  
Figure 4. Belbastau Burial Site. Earring found in Enclosure No. 3.



Сонымен қатар, 60 см тереңдікте алтын фольгамен қапталған қола сырға табылды.




**5-сурет.** Белбастау қорымы.  
№ 3 қоршаудан табылған сырға.  
**Figure 5.** Belbastau Burial Site.  
Earring found in Enclosure No. 3.

Қорыта келгенде жалпы бізде үш тас жәшік қазылды, екеуінің қоршауы бар. Бірінші қоршаудан табылған қыш ыдыстың ернеуіне қарап қорытынды шығару мүмкін емес. Ал екінші ыдыстың ернеуі екі қатар каннелюралармен безендірілген, әрбір қатар өз кезегінде әртүрлі бағытта қиғаш ойылған сызықтармен өрнектелген. Құтының жоғарғы бөлігі көлденең сызық-

тармен ашық меандр үлгісінде безендірілген шаршылармен өрнектелген (Ковтун, 2016: 188, Рудковский, 2013: 148, 153, 162). Өрнек жіңішке үшкір құралмен салынған. Ковтун өзінің зерттеуінде морфология тұрғысынан ұқсас ыдысты андрон мәдениетіне тән деп бөледі. (Ковтун, 2016: 466) (1-1 сурет). Е.Е. Кузьмина дәл сол ыдысты алакөл типіндегі керамикаға жатқызады (Кузьмина, 2008: 148). Жалпы айтқанда, «үйрек» мотиві тек алакөлге тән, федоровтық керамикада кездеспейді деген тұжырым бар (Рудковский, 2013: 76-77, 148, 162).

Ұқсас қыш ыдыстарды Шығыс және Орталық Қазақстандағы көптеген ескерткіштерден (мысалы, Қарағаш қорымы, Алакөл қорымы, Исаково, Черняки I, Царев Курган, Ефимовка, Ново-Белогорка және т.б.) байқауға болады (Варфоломеев В.В., 1982; Кузьмина Е.Е., 2008). Сонымен қатар, Ресейдің Тобольск маңындағы андронов мәдениетіне жататын Сузгун II ескерткішінен ұқсас морфологиялық сипаттағы қыш ыдыстар табылған. Бұл ыдыстардың әдетте жоғарғы бөлігінде безендіру элементтері кездеседі. Өрнектерге тісті таңба, сызықтар және әр түрлі өрнектер: штрихталған ленталар, үшбұрыштар, ромбтар, зигзагты сызықтар, торлы белдеулер және шахматтық өрнектер қолданылады (Косарев, 1981).



**6-сурет.** Қыш ыдыстар. 1 – Беғазы, № 1 қоршау (Ковтун, 2015). 2 – Белбастау қорымы, № 3 қоршау.  
**Figure 6.** Ceramics. 1 – Begazy, Enclosure No. 1 (Kovtun, 2015). 2 – Belbastau Burial Site, Enclosure No. 3.

Келесі кезекте екінші жәшіктен табылған ұсақ қола бұйымдар. Жалпы саны 29 болатын моншақ тәріздес кішкене шеңберлер диаметрі 3 мм аспайды. Біздің жағдайымызда аналогия іздеу үшін алысқа барудың қажеттілігі тумады, себебі ұқсас бұйымдар өзіміз жоғарыда айтып кеткен, көршілес жатқан Ескеалмас қорымынан табылған болатын. №12 қоршау, №2 жерлеу шұңқырында мәйіттің тобығы тұсынан табылған қола моншақтар саны 61-ге жетті. Диаметрі де 3 мм екен. Сілтеме???

Бұндай шалбар балағына тағылған моншақтар (балақмоншақ) Еуразия даласында, оның ішінде андрон тарихи-мәдени қауымдастығы жерлеу ескерткіштерінде тек Шығыс Қазақстанда емес, көршілес аймақтарда да көптеп кездеседі. Жетісу (Мыңшұңқыр 3, Айдахар, Талапты 1, Құйған 2) [Карабаспакова, 2011: 108], батыс Сібір (Пристань 1, Сухое озеро 1) [Максименков, 1978: 12], тіпті Арал маңындағы Тазабагъяб мәдениетінің Кокча 3 қорымы [Кузьмина, 1966: 147] мен Ферғана жазығындағы Вуадиль қорымдарында [Daniel Berger and others, 2023] табылған қола моншақтарға ұқсас әшекей бұйымдарды Г.А. Максименков Енисейдегі андрон мәдениетінің жерлеу кешендерін қарастыра отыра «Андрон қорымдарынан табылған ең жиі кездесетін заттардың бірі – қола моншақтар, олар әдетте жіптен немесе былғарыдан жасалған бауға тізіліп, тобық аймағында орналасқан. Моншақтар табылмаған қорымдарда, тобықтың төменгі бөлігінде мыс тотығының іздері байқалған» – дейді [Максименков, 1978: 72]. Кокча 3 қорымын сол өңірдің зерттеушілері андрон мәдени қауымдастығының алакөл кезеңімен үйлестіретін болса [Итина, 1967: 62], өз кезінде Карабаспакова Вуадиль қорымының жерлеу кешендерін Жетісудағы Арасан және Бүйен 13 қорымдарымен байла-

ныстырған екен. Ал бұл ескерткіштер кейінгі қола дәуірімен мерзімделген [Карабаспакова, 2011: 135].

Алтын фольгамен қапталған түтікті құйма қола сырғаға келетін болсақ, көп жағдайда андрон қауымдастығының федоров кезеңінің ескерткіштерінде кездесетін қола дәуірі сырғаларының бұл типі [Аванесова, 1991: 52], алакөл кезеңі ескерткіштерінде де кездескен жағдайлар бар екен [Кривцова-Гракова, 1947: 111].

### Қорытынды

Белбастау қорымындағы жерлеу ғұрпын толықтай түсіну қиынға соғады, себебі мүрденің сүйектері шашылып, бастапқы орналасу тәртібі бұзылған. Жиналған заттай деректер бұл жерлеуді федоров және алакөл мәдени кезеңдеріне жатқызуға мүмкіндік бергенімен, мәдени-тарихи шеңберде нақты сәйкестікке келтіру үшін қосымша зерттеулер қажет.

Тарбағатай теріскейі қазіргі Аягөз, Ақсуат, Тарбағатай және Зайсан аудандарының территориясына кіреді. Бұл аймақ жоғарыда айтылған зерттеулер негізінде ерте қола дәуірінен бастап палеометалл кезеңін толықтай жүйелеп қарастыруға мүмкіндік береді. Аймақтағы одан әрі жүргізілетін археологиялық жұмыстар осы кезеңдерге жататын жаңа ескерткіштерді анықтап қана қоймай, өзекті мәселелердің шешімін табуға да бағытталуы тиіс.

Белбастау қорымынан алынған материалдар әлі де кеңінен зерттеуді, кабинеттегі өңдеуді және әртүрлі талдау түрлерін қажет етеді. Тарбағатайдағы қола дәуірі тұрғындары өмірінің толық көрінісін алу үшін осы мәдени аймақтың тек қана жерлеу ескерткіштерінде емес, сонымен қатар Елеке сазы 1 сияқты қоныстарда да зерттеулерді жалғастыру маңызды.

### Әдебиеттер

- Аванесова Н.А. Культура пастушеских племен эпохи бронзы Азиатской части СССР (по металлическим изделиям) Ташкент: Фан, 1991 С.200
- Варфоломеев В.В. Бегазы-дандыбаевские погребальные сооружения могильника Карагаш // Вопросы археологии и этнографии Центрального Казахстана. Караганда, 1982.
- Итина М.А. О месте Тазабагъябской культуры среди культур степной бронзы //Этнографическое обозрение №2 1967
- Ковтун И.В. Андроновский орнамент (морфология и мифология). – Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. – 547 с.
- Косарев М.Ф. Бронзовый век Западной Сибири. М.: Наука, 1981. 282 с.
- Кривцова-Гракова О.А. Алексеевское поселенке и могильник // Археологический сборник. Вып. XVII. Москва, 1947. С. 59-172

Кузьмина Е.Е. Классификация и периодизация памятников андроновской культурной общности: монография. Актобе: ПринтА, 2008. – 358 с.

Кузьмина Е. Е. Металлические изделия энеолита и бронзового века в Средней Азии. М: Наука, 1974. 250 с.

Куц Г.А., 1992. Археологические исследования Восточно-Казахстанского историко-краеведческого музея // Маргулановские чтения. Тезисы. Петропавловск, 1992 ж. С. 77-78.

Максименков Г.А. Андроновская культура на Енисее Л.: Наука, 1978, 190 с.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана.// Алма-Ата: 1966. 436 с.

Мерц В.И., Рогожинский А.Е. Андроновское поселение Елеке сазы в Тарбагатае // Материалы международной научно-методической конференции «XIII Оразбаевские чтения» Алматы: Қазақ университеті, 2021. С. 23-27

Мерц И.В., Мерц В.К., Шакенов С.Т. Могильник Сапа – первый памятник афанасьевской культуры в Тарбагатае (первые результаты исследований) // Материалы международной научно-методической конференции «XII Оразбаевские чтения». – Алматы, 2020. С. 47-52.

Мерц И.В., Мерц В.К., Ковалев А.А. Новые памятники эпохи бронзы Тарбагатайского района Восточно-Казахстанской области (результаты археологической разведки 2016 г.) // матер. междунар. конф. «IX Оразбаевские чтения» приуроченной к 95-летию А.М. Оразбаева. Алматы: Қазақ университеті, 2017. С. 55–58.

Оразбаев Ә.М., Төлеубаев А.Т., Омаров Г.К. Могильник эпохи бронзы Сабындыколь // Этнокультурные процессы на территории Казахстана. Алматы, 1995, С. 33-54.

Рудковский И.В. Андроновская орнаментика в контексте системообразующих инвариантов. Алматы, 2013. 189 с., илл.

Төлеубаев Ә. Т. ҚазМУ-дің көне дәуір археологиясы және этнологиялық зерттеу топтарының жұмыстары // Этнокультурные процессы на территории Казахстана. Алматы, 1995, Б. 3-8.

Төлеубаев Ә., Жуматаев Р. С. және басқалар Предварительные итоги исследований жилища 2 эпохи поздней бронзы На поселении Елеке 1 // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі.: зерттеулер жинағы. Көкшетау, 2022 ж. С. 92-104.

Төлеубаев А.Т. Памятники эпохи бронзы Ескеалмас и Масалы в Северных склонах Тарагатая // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. Алматы, 1998, С. 83–104.

Төлеубаев А.Т., Жуматаев Р.С., Шакенов С.Т. Новые оригинальные памятники энеолитической эпохи в Зайсанском районе Восточно-Казахстанской области // Мир Большого Алтая. 2017. № 3 (4). С. 611–625.

Berger D, Kaniuth K, Boroffka N, Brüggemann G, Kraus S, Lutz J, Teufer M, Wittke A and Pernicka E (2023), The rise of bronze in Central Asia: new evidence for the origin of Bronze Age tin and copper from multi-analytical research. *Front. Earth Sci.* 11:1224873. doi: 10.3389/feart.2023.1224873

## Reference

Avanesova N.A. Kultura pastusheskikh plemen epokhi bronzy Aziatskoy chasti SSSR (po metallicheskim izdeliyam) Tashkent: Fan, 1991 S.200

Varfolomeyev V.V. Begazy-dandybayevskiye pogrebalnyye sooruzheniya mogilnika Karagash // Voprosy arkheologii i etnografii Tsentralnogo Kazakhstana. Karaganda, 1982.

Itina M.A. O meste Tazabagyabskoy kul'tury sredi kultur stepnoy bronzy //Etnograficheskoye obozreniye №2 1967

Kovtun I.V. Andronovskiy ornament (morfologiya i mifologiya). – Kazan: Izdatelskiy dom «Kazanskaya nedvizhimost», 2016. – 547 s.

Kosarev M.F. Bronzovyy vek Zapadnoy Sibiri. M.: Nauka, 1981. 282 s.

Krivtsova-Grakova O.A. Alekseyevskoye poselenke i mogilnik // Arkheologicheskiy sbornik. Vyp. XVII. Moskvka, 1947. S. 59-172

Kuz'mina Ye.Ye. Klassifikatsiya i periodizatsiya pamyatnikov andronovskoy kul'turnoy obshchnosti: monografiya. Aktobe: PrintA, 2008. – 358 s.

Kuz'mina Ye. Ye. Metallicheskiye izdeliya eneolita i bronzovogo veka v Sredney Azii. M: Nauka, 1974. 250 s.

Kushch G.A., 1992. Arkheologicheskiye issledovaniya Vostochno-Kazakhstanskogo istoriko-krayevedcheskogo muzeya // Margulanovskiy chteniya. Tezisy. Petropavlovsk, 1992 zh. S. 77-78. Maksimenkov G.A. Andronovskaya kultura na Yeniseye L.: Nauka, 1978, 190 s.

Margulan A.X., Akishev K.A., Kadyrbayev M.K., Orazbayev A.M. Drevnyaya kul'tura Tsentral'nogo Kazakhstana.// Alma-Ata: 1966. 436 s.

Merts V.I., Rogozhinskiy A.Ye. Andronovskoye poseleniye Yeleke sazy v Tarbagataye // Materialy mezhdunarodnoy nauchno-metodicheskoy konferentsii «KHIII Orazbayevskiye chteniya» Almaty: Kazakh universiteti, 2021. S. 23-27

Merts I.V., Merts V.K., Shakenov S.T. Mogilnik Sapa – pervyy pamyatnik afanasyevskoy kul'tury v Tarbagataye (pervyye rezul'taty issledovaniy) // *Materialy mezhdunarodnoy nauchno-metodicheskoy konferentsii «KHÍÍ Orazbayevskiye chteniya»*. – Almaty, 2020. S. 47-52.

Merts I.V., Merts V.K., Kovalev A.A. Novyye pamyatniki epokhi bronzy Tarbagatayskogo rayona Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti (rezultaty arkheologicheskoy razvedki 2016 g.) // *mater. mezhdunar. konf. «ÍKH Orazbayevskiye chteniya» priurochennoy k 95-letiyu A.M. Orazbayeva*. Almaty: Kazakh universiteti, 2017. S. 55–58.

Orazbayev 2.M., Toleubayev A.T., Omarov G.K. Mogilnik epokhi bronzy Sabyndykol // *Etnokulturnyye protsessy na territorii Kazakhstana*. Almaty, 1995, S. 33-54.

Rudkovskiy I.V. Andronovskaya ornamentika v kontekste sistemoobrazuyushchikh invariantov. Almaty, 2013. 189 s., ill.

Toleubayev 2. T. KazMU-din kone dauir arkheologiyasy zhane etnologiyalyk zertteu toptarynyn zhumystary // *Etnokulturnyye protsessy na territorii Kazakhstana*. Almaty, 1995, B. 3-8.

Toleubayev A., Zhumatayev R.S. zh2ne baskalar Predvaritel'nyye itogi issledovaniy zhilishcha 2 epokhi pozdney bronzy Na poselenii Yeleke 1 // *Altay – turki aleminin altyn besigi.: zertteuler zhinaǵy*. Kokshetau, 2022 zh. S. 92-104.

Toleubayev A.T. Pamyatniki epokhi bronzy Yeskealmas i Masaly v Severnykh sklonakh Taragataya // *Problemy izucheniya i sokhraneniya istoricheskogo naslediya*. Almaty, 1998, S. 83–104.

Toleubayev A.T., Zhumatayev R.S., Shakenov S.T. Novyye originalnyye pamyatniki eneoliticheskoy epokhi v Zaysanskom rayone Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti // *Mir Bolshogo Altaya*. 2017. № 3 (4). S. 611–625.

Berger D, Kaniuth K, Boroffka N, Brüggmann G, Kraus S, Lutz J, Teufer M, Wittke A and Pernicka E (2023), The rise of bronze in Central Asia: new evidence for the origin of Bronze Age tin and copper from multi-analytical research. *Front. Earth Sci.* 11:1224873. doi: 10.3389/feart.2023.1224873

---

## МАЗМҰНЫ

### Ортағасырдағы Қазақсан тарихы

<i>Хабижанова Г.Б.</i> Тарихи топонимика және сакральді топография .....	4
---	---

### Этнология. Антропология

<i>Картаева Т., Шәмишева Г., Мағзумов М.</i> Торанғы: өндеудің дәстүрлі әдістері, экоортадағы киелілігі .....	14
<i>Аманова Бахар Тоғиғ қызы</i> Халық жазушысы Әли Валиев еңбектеріндегі Қарабақ ауыл шаруашылығының этнографиясы .....	23
<i>Әлиев Асад Танирверди оглы</i> Грузин өзірбайжандары мен Кавказда тұратын кейбір түркітілдес халықтардың өміріндегі бірдей және әртүрлі әдет-ғұрыптар мен нанымдар туралы .....	30

### Археология

<i>Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Шаймұханова Д.С.</i> Тарбағатай теріскейіндегі қола дәуірінің Белбастау қорымы .....	36
<i>Үмітқалиев Ү., Искаков Қ.</i> Қазақ халқының жерлеу ғұрпындағы рәсімдердің археологиялық деректермен сабақтастығы .....	45

### Рецензия

<i>Махат Д.А.</i> Тәуелсіз елдің тұңғыш ғылым докторы, академик Ханкелді Әбжановтың көп томдығы туралы .....	52
---	----

---

## CONTENTS

### Medieval history of Kazakhstan

<i>Khabizhanova G.B.</i> Historical toponymy and sacred topography .....	4
---	---

### Ethnology. Anthropology

<i>Kartaeva T., Shamshieva G., Magzumov M.</i> Turanga: traditional processing methods, its sanctity in the environment.....	14
<i>Amanova Bahar Tofiq gizi</i> Karabakh agriculture created by the people's writer Ali Valiyev.....	23
<i>Aliyev Asad Tanirverdi oglu</i> About the same and different customs and beliefs in the life of Georgian Azerbaijanis and some turkic-speaking peoples living in the caucasus.....	30

### Archaeology

<i>Zhumatayev R.S., Shakenov S.T, Shaimuhanova D.S.</i> A bronze age cemetery Belbastau on the northern slope of Tarbagatai .....	36
<i>Umitkaliev U., Iskakov K.</i> The continuity of rituals in the funeral rites of the kazakh people with archaeological data .....	45

### Review

<i>Mahat D.A.</i> The first doctor of science of an independent country, academic about the many volumes of Hankeldi Aabjhanov.....	52
--	----